Балалармен жеке жұмыс			Аружанға меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуді үйрету.	Тәуекелге ұзындыққа секіруді үйрету	Ханшайымға қағаздан симметриялық пішіндерді қиюды үйрету
Серуенге дайындық			Киініп-шешіну Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, кол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		
Серуен			Табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату өсімдіктерді бойларына қарай салыстыру (математика негіздері) куырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Кітаптан ертегі суреттерін қарату. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері	Қ/о «Сақина жасыру». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Серуеннен оралу			Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, қиюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).		
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау			Ұлттық ойын: Бәйге. Көктемнің алғашқы гүлі бәшешекті жапсыру, мүсіндеу және дәстүрден тыс сурет салу	 ұзындығы	«Көктемді не үшін жақсы көрем?» Балалар сендер көктемді жақсы көресіңдер ме? Үстелде жатқан гүлді алып, көктемді не үшін жақсы көретіңдеріңді айтып, гүлді құм

және басқалары) 3 жас			Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру	және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру, Математика негіздері	Ыраға салып қойындар Сөйлеуді дамыту  1  2  3  4  5 Заттар тобын салыстыру, санау. Математика негіздері
4 жас			Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыру. (математика негіздері) «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ертегіні сахналату (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Көктемдегі Маша мен аю» ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрату (мүсіндеу) Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы			Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме

Тексерілді:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

әдіскер_____А А Утешева

Наурыз айы 5-апта

Мектепке дейінгі ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: «Балдырған » аралас тобы.

Балалардың жасы: 3-4

Қандай кезеңге жасалды (31.03--04.04.2025ж):

Тәуелсіздік және отаншылдық айы.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.03.2025ж	Сейсенбі 01.04.2025ж	Сәрсенбі 02.04.2025ж	Бейсенбі 03.04.2025ж	Жұма 04.04.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу, күй күмбірі	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Өнегелі-15 минут» балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	«Өнегелі-15 минут» мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту керектігі жайлы кеңес.	«Өнегелі-15 минут» . Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	«Өнегелі онбес минут» Күн сайын балаңызға мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз	«Өнегелі-15 минут» . Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Бауырсақ: Майға қуырылған ұлттық тағам.Шелпек: Қуырып жасалатын дөңгелек нан.Нан: Пеште пісірілген ұн тағамы. Құймақ: Сұйық қамырдан дайындалатын тағам . Бір тұтас тәрбие	Су толтырылған ыдыс, шүмек (ойыншық шүмек болса да болады).Түрлі суреттер (су ішіп жатқан жануарлар, ағып жатқан су, гүлдерді суару). Балаларға «Су бізге не үшін керек?» деген сұрақ қойылады.Оларға суды қажет ететін тіршілік иелерін (өсімдік, адам, жануарлар) көрсету.Су ағып жатқан кезде ысырап болатынын көрсету және суды жабуды үйрету. Бір тұтас тәрбие	Балаларға карточкалар көрсетіледі. Олар әрекеттің дұрыс немесе бұрыс екенін анықтап, тиісті түсті карточкамен белгілеуі керек. Дұрыс әрекеттерді мадақтап, бұрыс әрекеттердің орнына не істеу кергін түсіндіру. Коммуникативтік дағдылар	«Күн, су, ауа – бізге керек!» Балаларға табиғаттың негізгі элементтері туралы түсінік беру. Күн, су, ауа бейнеленген карточкалар. Өсімдіктер мен жануарлар суреттері.Балаларға үш элементтің (күн, су, ауа) суреттерін көрсету.«Бұл элементтер кімге керек?» деп сұрау.Балалар дұрыс жауап беріп, оларды тиісті тіршілік иелерімен сәйкестендіреді. Экологиялық тәрбие	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау)Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. Еркін ойындар
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату Қазақстан Республикасының	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)			

	әнұранын орындау.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.	тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету	таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескенойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша	Музыка Музыка жетекшісі жоспары бойынша.	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Музыка 4-жас Музыка жетекшісі жоспары бойынша Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ұ, Ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша
Кестеге сәйкес ҮІӨ 3-4 жас					

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күнді бақылау Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Өлемге нұр таратқан. (күн) Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. • Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? • Күн қай жақтан шығады? • Қай жаққа батады? • Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? • Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?	Қардың еруін бақылау Мақсаты:табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды. Зерттеу қызметі Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. «Еңбегі адал жас өрен» Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету. Қимылды ойын «Ормандағы аюда». Мақсаты: белгі бойынша	Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: • Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? • Жыл құстары деп неге айтамыз? • Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? • Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? • Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. «Еңбегі адал жас өрен»	Мойыл бұтасын бақылау Мақсаты: Бұталар туралы білімдерін молайту; Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі: Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен кант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай	Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: • Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? • Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? • Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? «Еңбегі адал жас өрен» Аландағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу,

	Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) «Еңбегі адал жас өрен» Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.	жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: — Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; — Ептіліктерін қалыптастыру; — Қозғалыс координациясын жақсарту. Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркіреді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.	: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Өр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	уақытта піседі? ◆ Мойыл жидектерінен не жасайды? ◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? «Еңбегі адал жас өрен» Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.	бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i>				
	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас	Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Құстар туралы айтып беру. (қоршаған әлеммен таныстыру) Құстардың қайсысы сендерге ұнады? Самолеттарды құстарға қарап жасағанын айту. Құстардың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау. Сөйтіп орталықтарға бөлінейік деп ұсыну. Бірінші орталықта балалар құстың суретін саладырту, екінші орталықта қағаздан бүктеп самолет жасату оны ұшыруын ұйымдастыру. (құрастыру, сурет салу)	Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта баклашкadan немесе картон қазақдардан құс құрастыртқызу. (құрастыру) Екінші орталықта геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан құстың ұясын ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ұяшық құрастырғызу және жасағандарын әңгімелету. (математика негіздері және сөйлеуді дамыту) Құстар әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату. (музыка)	Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру (математика негіздері) Аспанды, бұлтты және ағаштары бар суретті көрсетіп не жетпейтінін сұрау. Балалар қалауы бойынша дайын құстарды желімдеп жапсырады немесе қарандарштармен құстарды салады. (жапсыру және сурет салу)	Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Ондағы заттарды атату. Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту (сөйлеуді дамыту) Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу. (сурет салу)	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру (көркем әдебиет) Екінші орталықта геометриялық пішіндерді танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. (математика негіздері)

4 жас	Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай, апта? Күндіз ба, әлде түн ба? Түнде не болады? Аспанда біз не көреміз? Аспан әлемін көргілерің келе ме?де сұрап.Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Жұлдыздарды көрсету. Оларды таныстыру. Шолпан жұлдыз Құйрықты жұлдыз туралы айтып беру. (қоршаған әлеммен таныстыру) Жұлдыздар сендерге ұнады ма? Қане жұлдыздың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау. Ендеше орталықтарға бөлінейік деп ұсыну. Бір орталықта балалар суретін (қара қағазға ақ немесе сары қаламмен) жұлдыз салады, екінші орталықта қағаздан бүктеп жұлдыз жасайды. (құрастыру, сурет салу)	Кеше немен танысқандарын естеріне түсіру. Аспанға немен баруға болады? Аспанда болды ма сұрау? Ұшақ және ғарыш кемесін көрсету. Не білетіндерін сұрау. Ұшақты табиғи қалдық материалдардан жасауға болатынын және ғарыш кемесін геометриялық пішіндерден құрастыруға болатынын айтып түсіндіру. Бірінші орталықта баклашқадан немесе картон қазақдардан ұшақ құрастыртқызу. (құрастыру) Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан ғарыш кемесін ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ғарыш кемесін құрастырғызу (математика негіздері және сөйлеуді дамыту) Вариативтік компонент Табиғат әлемі «Көктемде жәндіктер: көбелекпен, қоңызбен таныстыру» Мақсаты: балаларды көбелектерді мен қоңыздарды атауды және танып алуды үйрету; қоңызды көбелектерден олардың сыртқы келбетінің, тәртіптерінің ерекшеліктеріне қарай айыру икемділігін қалыптастыру	Балаларды аспан әлемінің макетінің қасына жинау. Балалар қараңдаршы. Осы жұлдыздардың қасындағы үлкен мына зат не? Ай қандай? Айды көрдіңдер ме? Терезеден қарайықшы, ай бар ма? Ай үлкен бе? Жұлдыз үлкен бе? Олардың салмағы қандай болады деп ойлайсыңдар? Қорапшаны көрсетіп ай мен әр түрлі жұлдыздарды планеталарды салыстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру (математика негіздері) Алдыңғы жасаған жұмыстарын көрсетіп, жұлдыздардың қасына не жетпейтін сұрап, айдың суретін салғызу және жапсырту. (жапсыру және сурет салу)	Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Заттардың арасынан ай жұлдыздың бейнелерін көрсету. Ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздерін қолданумен байыту. (сөйлеуді дамыту) Ай мен жұлдызды қазақтың ұлттық әшекей заттарына салу арқылы сәндеуді меңгерту (сурет салу)	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруі керек (көркем әдебиет) Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өдері таңдаған заттың суретін салса (сурет салу) Екінші орталықта геометриялық денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынының ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. (математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс	Аружанға . салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізу ;түсініктерін үйрету	Айбарға құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атауға,оларды түрлі тәсілдермен орналастыруға дағдыландыру	Хан және Тәуекелге туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы мәлімет беру	Айлин мен Ханшайымға табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орнатуды үйрету	Али және Амирге сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстап үйрету

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Трамвай» Балаларға дайын құстар бейнесін ұсынып, оларды үйлестіріп лэпбукта жапсыруды жасату. (жапсыру)	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Бормен дербес шығармашылық жұмысын ұйымдастыру. (Сурет салу)	Қимылды ойын «Трамвай» Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Қимылды ойын «Хан талапай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас	Балаларды кітап орталығына жинап, құстардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. артикуляциялық аппаратты дамыту. Ермексаздан құстарға жем жасату. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды ұсыну. Балалар ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру (математика негіздері)	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну. «Аққуды атпа, досыңды сатпа.» Мақалды жаттату. (мүсіндеу және жапсыру)	«Ұсқынсыз үйрек» мультфильмін көру. Өз ойларын айтқызуды үйрету. «Құстар ұшады» ойынын ойнау. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта ермексаздан үйрек жасату. (мүсіндеу) Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша үйрек пішінін құрастыруға ынталандыру. (құрастыру)	«Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер қарату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру. (қоршаған әлеммен таныстыру) «Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс. Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. (жапсыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру) Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)

4 жас	Балаларды кітап орталығына жинап, жұлдыздардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды және жұлдызды аспанды жасауды ұсыну. Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. Бір орталықта ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы ішінен жұлдыздарды табу. Олардың бұрыштарын санау. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру (математика негіздері)	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан ұшақ жасату және ермексазdan ғарыш кемесін жасауды ұсыну (мүсіндеу және жапсыру)Балаларға екі орталық ұсынылады: "Қағаз ұшақтар" орталығы – қағаздан ұшақ жасап, оны ұшыру. "Ғарыш кемесі" орталығы – ермексазdan ғарыш кемесін мүсіндеу және жапсыру.Балаларға екі орталық туралы қысқаша түсінік беріледі.Әр бала өз қалауына қарай орталықты таңдайды.Тәрбиеші әр орталықта жұмысты ұйымдастырады, қажет болған жағдайда көмек көрсетеді.Балалардың жұмыстары көрмеге қойылады.	Балаларды кітап орталығына жинап тіл ұстарту жаттығуын айтқызу ай-ай-ай Көңілің болсын жай! Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексазdan айдың бірнеше пішінін жасату. (мүсіндеу) Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша ай мен жұлдыз пішінін құрастыруға ынталандыру. (құрастыру)	Балаларды кітап орталығына шақырып отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу (қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. (мүсіндеу) (жапсыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру) Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу

Тексерілді:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

әдіскер _____ А . А. Утешева

1 апта

Мектепке дейінгі ұйымы: «Балапан»

Топ: «Балдырған »

Балалардың жасы: 3-4 аралас

Қандай кезеңге жасалды : 07.04.2025-11.04.2025ж

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы:

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.04.2025ж	Сейсенбі 08.04.2025ж	Сәрсенбі 09.04.2025ж	Бейсенбі 10.04.2025ж	Жұма 11.04.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Күй қосу, күй күмбірі	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі- 15 минут. Бала туралы маңызды ақпарат жинау (денсаулығы, мінез-құлқы, қызығушылықтары). Ата-аналарға баланың балабақшадағы күн тәртібі мен ережелері туралы түсіндіру. Баланың бейімделу кезеңінде ата-аналармен тығыз байланыста болу.	Өнегелі- 15 минут. Ата-анамен жеке сөйлесу (мысалы, баланың мінез-құлқы, тіл дамуы, тамақтануы, ұйқы режимі). Топтық әңгімелесу – барлық ата-аналарға ортақ маңызды тақырыптарда кездесу ұйымдастыру (тәрбие, баланың психологиялық дамуы, ойын арқылы оқыту)	Өнегелі- 15 минут. Баланың эмоционалды дамуы Баланы қалай дұрыс мақтау керек? Эмоцияларын реттеуге қалай көмектесуге болады? Балаға шектеулерді қалай дұрыс қою керек?	Өнегелі- 15 минут. Балаңызды өз бетінше әрекет етуге қалай үйретуге болады? Неге бала кейде қырсығады және бұл жағдайда не істеу керек? Балабақшада мінез-құлық ережелерін сақтау жолдары.	Өнегелі- 15 минут. Сөйлеу және танымдық даму 3-5 жас аралығындағы баланың сөздік қорын қалай байытуға болады? Үйде қарапайым дамытушы ойындар мен жаттығулар жасау.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. Қауіпсіздік ережелері	Балалар кітапханасы жоба аясында (Мақсаты: шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу Ойын: «Ғарышкерлер »	Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау Танымдық дағдылар	«Шуақты көктем». Көктем мезгіліндегі ауа райы жайлы әңгіме Әлеуметтік, танымдық дағдылар	"Кім қайда тұрады?" Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету. "Балық қайда тұрады?" – "Суда!" "Қасқыр қайда тұрады?" – "Орманда!" "Сиыр қайда тұрады?" – "Аулада!" Әлеуметтік, танымдық дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)			

	жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
	Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпсыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту	Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.	Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша	Музыка Музыка жетекшісі жоспары бойынша	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша	Қазақ тілі 3-жас Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу. Музыка 4-жас Музыка жетекшісі жоспары бойынша Қазақ тілі 4-жас Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу	Дене тәрбиесі Дене тәрбиесі нұсқаушысы жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен, «Мен дұрыс тез киіне аламын» мақсаты: Өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіруКөрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.	Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау.	Су тоғанды бақылау Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем	Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық	Бақылау: Балапанды бақылау. Балаларды балапанды қорғауға, оларға аяушылық, қамқорлық сезімдерін ояту. Үлескедегі еңбек: балабақша



Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. Бұлт дегеніміз не? Бұлттардың түсі қандай болады? Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.) бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар.	Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) Өлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты	қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге үйрету; ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге	көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Макал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамкорлық	ауласындағы бұта қалдықтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ормандағы аю». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау: дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолдану, сөздік қорын дамыту. Ақ, ақ Секендейді лақ Аң, аң Аң патшасы – арыстан. Өзіндік іс – әрекет: Балапанның жүрісін салу.
--	---	---	--	---

	Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.	бар ынтасымен орындау.	жаттықтыру.	керек.	
Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық Сылдыр-сылдыр-сылдыр су. Беті қолды әркез жу. Жуынсаң сен әрдайым. Аппақ бетің маңдайың. (Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас	Еңбегі адал жас өрен Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас	Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа	Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Тоқтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру. Сосын балаларды орталықтарға бөлу көркем әдебиет Қоршаған әлеммен таныстыру	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды менгерту. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па? (сөйлеуді дамыту) Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме? Қоршаған әлеммен таныстыру Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка	Балалардан сұрау қалай ойлайсыңдар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Өлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады?суреттер қарап әңгіме құрастыру көркем әдебиет Қоршаған әлеммен таныстыру Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі	Ләзбуктан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. сөйлеуді дамыту Қоршаған әлеммен таныстыру Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері)

	немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. көркем әдебиет Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. Қоршаған әлеммен таныстыру Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. (құрастыру және сурет салу)	қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін дұрыс (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. (сурет салу) екінші орталықта балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексизден құрастырғызу. (Мүсіндеу)	мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. (математика негіздері)	түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері)	
4 жас	Балалар,аспанда нелер бар?Жұлдыздар , ай, күн.Күн не үшін керек?Күн жылу береді, жарық береді.Ай не үшін керек?Түнде жарық береді.Ғарышкер деп кімді айтамыз?Осы жұлдыздарды, ай мен күнді зерттеу үшін ғарышқа ғарышкерлерұшады. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю. Гагарин 1961 жылы 12 сәірде« Восток » ғарыш кемесімен , Жер шарын 1 рет айналып шықты. Содан бері 12 – сәуір Ғарышкерлер күні мерекесі болып есептеліп келеді. Қоршаған әлеммен таныстыру <i>Тәрбиеші:Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?</i> <i>Балалар:Зымыран</i> <i>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, «зымыран» қажет.Зымыран ұшатын жерді «ғарыш айлағы»</i>	- Көне, балалар, тіл ұстарту жаттығуларын жасап алайық: 1.– ер, - ер, - ер Біз боламыз ғарышкер. 2.- ға, - ға, - ға Біз ұштық Айға. Көркем әдебиет Ай аспан денесі болып табылады,ай түнде ғана шығады.Қоршаған әлеммен таныстыру Айдың түсі қандай? -Түнде аспан қандай түске енеді? Жарайсыңдар балалар,енді түнгі аспанның суретін салайық. Сөйлеуді дамыту,сурет салу заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің	 Күн тірі жан иелерінің бәріне шуағын шашады Күннің қайда тұратынын, оның неге ұқсайтынын айтады. Алақандарын терезенің қасына апарады. Бірақ ол жаздағыдай жылытпайды.Әңгімеге араласады. Түн мен күн жарқырап шығып тұрған күндізгі уақыттың суреттерін салыстырады. Күлімдеген күнге жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жарық	-Жер — біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз. Ал жоғарыда не бар? Балалардың жауабы: Аспан әлемі. — Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? — Сендерге ұнай ма? Балалардың жауабы: Иә ұнайды. Маған да ұнайды. Олай болса балалар күн, жұлдыз, ай барлығы қайда орналасқан? Балалар: Аспан әлемінде. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? Балалардың жауабы: Дұрыс балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай, ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.	Бір, екі, үш Ғарышқа тез ұш. Слайд аспан әлемі. Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық. Ән: «Мен ғарышкер боламын» Балалар қараңдаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі планеталар бар, білесіңдер ме аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.Қоршаған әлеммен таныстыру,музыка,сөйлеуді дамыту  түнгі аспан денелерін бейнелеу.Жапсыру

